

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ҒТАХР/ МРНТИ / IRSTI 03.20
ӘӨЖ/УДК/ UDC 94(574)

<https://www.doi.org/10.51889/2959-6017.2025.84.1.028>

М.Бисембайұлы *¹


¹әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ., Қазақстан,
E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru

**ҚАЗАҚСТАНҒА МӘЖБҮРЛЕП КӨШІРІЛГЕН ПОЛЬША ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ
САЯСИ КӨҢІЛ-КҮЙІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада Кеңестік Қазақстанға мәжбүрлеп көшірілген поляктардың кеңестік билікке, коммунизмге және елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалға қатысты наразылыққа толы пікірлері талданды. Зауыт пен фабрикаларға, ұжымшарлар мен кеңшарларға күштеп жұмылдырылған бұрынғы Екінші Речь Посполита тұрғындарының кеңес органдарымен байланысы, өзара шағым-дары және қалайша кеңестік тәртіп пен қоғамдық-саяси өмірге бейімделгендігі қарастырылды. Көбіне әлеуметтік-экономикалық қиындықтардан туындаған антикеңестік көзқарастардың қайнаркөзі және соған жауап ретінде орын алған репрессиялық іс-шаралар талқыланды. Кеңестік Қазақстанға күштеп көшірілген арнайы қоныстанушылардың Екінші Дүниежүзілік соғыстағы жеңіске деген үлесі мен кеңестік билікке деген жағымсыз көзқарастарының себептерін және кеңес үкіметінің жекелеген поляк азаматтарына қатысты жүргізген қуғын-сүргіндерді зерде сүзгісінен өткізу-мақаланың ең басты мақсаты. Мұрағат құжаттарына дереккөздік талдаумен қатар, салыс-тырмалы-тарихи және жинақтау әдістері қолданылды. Кеңестік билеушілердің баяндамалары мен есептеріне назар аударып, Польша тұрғындарының билікке деген ашық қарсылығы мен Польша Республикасы елшілігі өкілдігімен тығыз қарым-қатынаста болып, көпшіліктің кеңестік азамат-тықтан бас тартып, Польша азаматтығын алуға тырысқаны, қоғамдық қызметтермен айналысудан бас тартқаны-бұрынғы Польша Республикасы тұрғындарының Кеңес Одағына өкпесі қара қазандай болып, осындай қарсылық түрін таңдады деген қорытынды жасалды.

Кілт сөздер: депортация, поляктар, саяси көңіл-күй, антикеңестік көзқарас, Мечислав Романьский

Бисембайұлы М. *¹

¹КазНУ им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru,

**ПОЛИТИЧЕСКОЕ НАСТРОЕНИЕ ЖИТЕЛЕЙ ПОЛЬШИ,
НАСИЛЬСТВЕННО ПЕРЕСЕЛЕННЫХ В КАЗАХСТАН**

Аннотация

В этой статье были проанализированы мнения поляков, насильственно переселенных в Советский Казахстан, полные недовольства советской властью, коммунизмом и социально-экономической ситуацией в стране. Были рассмотрены как жители бывшей Второй Речи Посполиты, насильственно мобилизованные на завод и фабрики, колхозы и совхозы, адаптировались к советскому порядку, общественно-политической жизни, а также их отношения с советскими органами и взаимные жалобы были обсуждены. Были распознаны истоки

антисоветских взглядов, часто вызванными социально-экономическими трудностями, и репрессивные действиями советской властью. Основная цель статьи-анализировать информацию о вкладе спецпереселенцев, насильственно переселенных в Советский Казахстан, в победу во Второй мировой войне и причины негативного отношения к советской власти, а также репрессии, проводимые советским правительством в отношении отдельных польских граждан. Наряду с источниковым анализом архивных документов применялись сравнительно-исторические и метод синтеза. Обращая внимание на доклады и отчеты советских правителей, сделан вывод о том, что открытое сопротивление польского населения власти и тесные отношения с представительством Посольства Республики Польша с целью отказа от советского гражданства и получения польского гражданства, а также отказ общественной работой - явный признак того, что жители бывшей Республики Польша были возмущены и выбрали такой вид сопротивления против советской власти.

Ключевые слова: депортация, поляки, политические настроения, антисоветское отношение, Мечислав Романский

*Bissembaiuly M. *¹*

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, E-mail: bissembaiuly7776@mail.ru*

THE POLITICAL MOOD OF POLISH RESIDENTS FORCIBLY RESETTLED IN THE KAZAKHSTAN

Abstract

This article analyzed the political viewpoints of Poles who were forcibly relocated to Soviet Kazakhstan, expressing dissatisfaction with the Soviet government, communism, and the socio-economic situation in the country. It examined how these inhabitants of the former Polish-Lithuanian Commonwealth adapted to the Soviet system, including their experiences in factories, collective and state farms. The article also discussed their relations with the Soviet authorities, as well as the origins of their anti-Soviet views, which were often caused by socio-economic difficulties and repressive measures by the Soviet government. The main purpose of this article is to analyze the information about the contributions of special settlers who were forcibly relocated to Soviet Kazakhstan during World War II, as well as the reasons for their negative attitude towards the Soviet government and the repressions that were carried out against individual Polish citizens by the Soviet authorities. In order to achieve this goal, a combination of source analysis of archival documents, comparative historical methods, and synthesis techniques has been used. Drawing attention to the reports of Soviet leaders, it can be concluded that the open resistance of the Polish population to the authorities, their close relations with the embassy of the Republic of Poland in order to renounce Soviet citizenship and acquire Polish citizenship, as well as their refusal to perform community service are clear indications that the inhabitants of this former Polish Republic were agitated and chose this form of resistance against the Soviet government.

Keywords: deportation, Poles, political sentiments, anti-Soviet attitude, Mieczyslaw Romanski

Кіріспе. Кеңестік Қазақстанға Польша тұрғындарының 1936 жылы және 1939-1941 жылдары депортациялау толқындары отандық тарихнамада жеткілікті деңгейде жазылғанмен, зерттеуші-лер көбіне поляк және басқа халықтардың қай жерге қоныстандырылғаны, айналысқан шаруа-шылық түрлері және көшірілген халықтардың санына назар аударады. Қазақстанға еріксіз жер аударылған халықтардың кеңес үкіметінің саяси көзқарастары мен көңіл-күйі, олардың кеңес билігіне қарсы ашық наразылықтары зерттеушілердің еңбектерінде арқау болмаған. Кеңес үкіметінің поляк халқына “антикеңестік элемент”, “тыңшы” сынды айыптар тағылғанын ескерсек, бұл тақырыпта ірі еңбектер жазылмағаны таңғаларлық. Поляктардың расымен де кеңес үкіметінің соғыста жеңуіне кедергі келтіргені-келтірмегені, депортацияланған қауымның майданға жасаған көмегінің үлесі және поляктардың мүддесін қорғайтын ұйымдар мен кеңестік билік арасындағы қарым-қатынасқа назар аудару – зерттеу

жұмысының өзекті тұсы. Арнайы қоныс аударылған-дардың өмірі туралы мемуар-естеліктерде және мұрағат дереккөздеріндегі материалдардан білуге болады. Шетелдік ғалымдардың еңбектерінде түсінікті себептерге орай мұрағат құжаттарындағы ақпараттар жеткіліксіз. Поляктарды қай жерге қоныстандырып, орналасу керектігі, олармен қалайша сөйлесу керектігі, оларды қалайша қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту қажеттілігі мен кеңес үкіметіне қатысты саяси-көңіл-күйі туралы хаттар мен қаулылар арнайы қоныстанушылар-дың тарихы туралы ақтандақтардың орнын толтырады.

Мақсаты. Қазақстанға мәжбүрлі түрде қоныстандырылған Польша елінің азаматтарының саяси көңіл-күйін анықтау. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей міндеттер қойылды:

- Кеңестік органдары жинаған поляктардың саяси көңіл-күйі туралы баяндамаларды және хаттарды зерделеу;

- Поляктардың мүддесін қорғаған ұйымдар мен институттардың поляк халқының кеңес үкіметіне қатысты көзқарасына ықпалын талқылау;

- Польша тұрғындарының кеңес билігіне қатысты теріс пікірлерінің себептерін анықтау; Зерттеу жұмысының нысанасы-кеңес үкіметі басшыларының жарлықтары, қаулылары мен директивалық хаттары болса, зерттеу жұмысының пәні-арнайы қоныс аударушылардың саяси көзқарастары болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында салыстырмалы-тарихи, тарихи талдау мен жинақтау тәсілдері пайдаланылды. 1936 жылы және 1939-1941 жылдар аралығындағы Екінші Речь Посполита тұрғындарын мәжбүрлеп көшіру, орналастыру және жұмысқа жайғастыру, олардың арасында үгіт-насихатты жүргізу туралы бұйрықтар мен қаулылар мұрағат құжаттарында баршылық. Солтүстік Қазақстан облыстарындағы мұрағаттардағы дереккөздер ой елегінен өткізіліп, сыни тұрғыдан баға берілді. Көші-қондардың ерекшеліктерімен қатар, Қазақстанға көшірілген поляктар мен немістердің кеңес билігіне қатысты саяси көзқарастары салыстырылды. Осылайша, салыстырмалы талдау жасалды деген байлам жасауға болады. Мақалада Батыс зерттеушілері мен Отандық зерттеушілерінің көшірілген халық турасындағы статистикаға бай мәліметтері қолданылды. Дереккөздік әдіс деректерді жинақтап, мұрағат деректерін талқылау үшін қолданылды.

Кеңестік Қазақстанға күштеп көшірілген поляктардың саяси көңіл-күйін түсіндіру үшін Тоталитарлық бақылау теориясы мен “Ішкі жау” теориясы пайдаланылды. Тоталитарлық бақылау және “Ішкі жау” теориясы бойынша кеңес билігі күштеп көшіру саясатын қолданды. Жаңа жерге қоныстанған халықтың белсенділігі төмендеп, оларға “сенімсіз халықтар” сынды саяси ай-дар тағып, қатаң бақылауда ұстап, режимге қарсы қозғалыстарды болдырмауға тырысты. Халық арасында қорқыныш, шарасыздық және үмітсіздік белең алды. Одан басқа әлеуметтік-инженерия теориясы арнайы қоныстанушылардың көзқарастарын талдау үшін бірден-бір құрал ретінде септігін тигізеді.

Әлеуметтік-инженерлік теориясы депортацияны елдің экономика мен әлеуметтік құрылымды қайта құру құралы ретінде қарастырады. Мәжбүрлі көші-қон әр аймақтағы поляктардың сандық үлесін азайтумен қатар, оларды мемлекет үшін пайдалы еңбек күші ретінде пайдалануға бағыт-талды. Поляктар ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік жұмысқа орналастырылып, жергілікті халықпен араластыру арқылы олардың ұлттық бірегейлігін әлсіретуге қадамдар жасалды. Кеңес билігі “еңбек арқылы қайта тәрбиелеу” арқылы кеңестік жүйеге арнайы қоныс аударушылардың бейімделуін күшейтуге тырысты. Поляктар ашық қарсылық таныта алмаса да, мектептер мен мәдени ұйымдарды ашу арқылы ұлттық бірегейлігін сақтауға тырысты. Поляк тілі мен католик діні коммунистік жүйеге қарсы халықты біріктіретін өмірлік маңызды құрал ретінде қызмет етті.

Талқылау. Мақала жазу барысында бірнеше мұрағат көздеріне шолу жасалып, жан-жақты талданды. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ЦГА РК) поляктарды армияға мобилизациялау туралы құнды дерек қалдырып, поляктардың бұл іс-шараға қатысты наразылықтары баяндалса, Қазақстан Республикасының Президентінің

Мұрағатында (АПРК) кеңес органдарының поляк жұмысшыларының төмен белсенділігіне қатысты жазылған арыз-шағымдары жазылған. Аталған мұрағат дереккөздерінде поляктардың саяси-көңіл-күйі, әлеумет-тік жағдайы, эвакуациялануы және елдеріне қайтуға деген тілектері сипатталды. Солтүстік Қазақстан облысындағы Қылмыстық Істер жөніндегі Департаменті Мұрағатында кеңес билігінің күдікті саналған азаматтарды жазалау туралы қаулылары жазылған. Ресей Мемлекеттік әлеумет-тік-саяси тарих мұрағатынан (РГАСПИ) кезекті репрессия толқындары туралы ақпарат табылса, Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты (ГАКО) Мечислав Романьскийдің үстінен қозғалған іс туралы маңызды мәліметтермен бөліседі.

Батыс зерттеушілерінің еңбектері де мақалаға көмегін тигізіп, поляктардың қазақ жеріне көшірілуі туралы құнды мәліметтермен қамтамасыз етті. Бір батыс ғалымы депортацияланған қауым саны туралы статистикамен бөліссе (Igliska, 1998), Кеңес үкіметінің поляктарға қатысты жүргізген саясатына тоқталған ғалымдар да бар (Armstrong, 1990). Отандық зерттеушілер арнайы қоныстанушылардың құқықтық жағдайына және олардың өмірлеріне көбірек көңіл аударады. Зерттеушілердің бір тобы поляктардың қоғамдық жұмыспен айналысуға бас тарту себептерін талқыласа (Сактаганова пен Абуов, 2013), арнайы қоныстанушылардың наразылықтары мен кеңес билігіне деген қарсылық білдірілген пікірлерін талқылаған авторлар да кездеседі (Табулденов, 2020).

Мақала жазуға мол көмек берген еңбектердің қатарына Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты шығарған кітаптарды атауға болады. 1936-1956 жылдар аралығын қамтитын Қазақстанда тұрған поляк халқының тарихы туралы кітап (Дегитаева, 2000), 1935–1939 жылдарды қамтитын Қазақстандағы арнайы қоныстанушылар туралы кітап (Шепель, 2014) мол деректерді қамтамасыз етті.

Зерттеу нәтижелері. Екінші Дүниежүзілік соғыс қарсаңында кеңестік Қазақстанға алғашқы болып күштеп қоныстандырылған халық – Польша Республикасының тұрғындары еді. 1934-1938 жылдары қазіргі Қазақстанға Беларусь пен Украинадан 50 мың поляктар жер аударылды. 1936 жылдан бастап КСРО бұл ел тұрғындарын тек ұлттық тегіне қарап қана бір жерден екінші жерге көшіру саясатын жүргізген. 1939 жылы 17 қыркүйекте КСРО Польшаға басып кіріп, жерін бөлшектегенде, 5,2 млн поляктар КСРО құрамында қалды [1, 54 б.]. 1930 жылдары Кеңестік Қазақстанға депортацияланған 250 мың поляктардың 100 мыңы қысқа шыдамай, мерт болғандығы жөнінде дерек те бар [2, 998 б.]. Ал екінші дүниежүзілік соғыс кезінде 150 мың поляктар күштеп қоныс аударылды [2, 999 б.]. 1940 жылдың ақпаны мен 1941 жылдың маусымы аралығында 380 мың поляктар Қазақ КСР еліне мәжбүрлі түрде көшіріліп, олар «арнайы қоныс-танушы» деген мәртебеге ие болды. Қуғын-сүргінге ұшыраған поляк офицерлері, әскерилері, генералдарының 66 мыңға жуық отбасылары елге жер аударылды [3, 92 б.].

Қазақстанға поляктар антикеңестік көзқарастары үшін депортацияланды. Бұл саяси шешім сонау 1935 жылы қабылданған еді. Сол кезден бастап бұл халықты жер аударту бірнеше толқынмен жүргізілді.

КСРО ІХК 1935 жылдың бірінші жартысындағы “антикеңестік элементтерді көшіру туралы” нөмірі 2-анықтама бойынша қаулысына сәйкес, 1935 жылы 1-9 ақпан аралығында Украинадан 8678 адам көшірілді. Олардың 615-і неміс, 681-і поляк, ал 589-ы украин отбасылары еді. Олар Белбалткомбинаттың арнайы ауылдарына жіберілді.

1935 жылдың 20 ақпанынан 15 наурызына дейін Киев және Винница облыстарының шекара аудандарынан Украинаның шығысындағы 23 аудандарға сенімсіз элементтерді көшіру жүргізілді.

Барлығы: 8329 отбасы, яғни 38 892 адам болды, оның ішінде ұлттық құрамы бойынша: поляктар – 2866 отбасы, немістер – 1903 отбасы, украиндар – 3434 отбасы, басқалары – 126 отбасы [4, 45-46 бб.].

1940 жылғы депортацияның 1-толқынында – 140 мың, 2-толқынында – 60 мың, 3-толқынында – 76-78 мың адам көшірілді. 1941 жылы мамыр-маусым аралығында 4-толқын кезінде 34-38 мың адам қоныстандырылды [5, 755 б.].

Бұл көші-қондар әртүрлі себептерге байланысты жүргізілді. Бірінші толқын кезінде бұрынғы Польшаның мемлекеттік қызметкерлері, офицерлері мен полиция қызметкерлінің мүшелері мәжбүрлеп көшірілсе, екінші толқын кезінде байлардың отбасылары зардап шекті. Үшінші толқын кезінде шекарада қалып қойған поляктардың отбасы мүшелері «әкімшілік себептерге байланысты» қоныстандырылды. Төртінші толқын кезінде «арнайы босқындар» термині пайдаланылды. 1941 жылдың маусымында «әлеуметтік жат элемент» деп саяси айдар тағылған бірқатар поляктар Қазақстаннан қоныс тапты. Бұдан кеңес үкіметінің поляк халқының әртүрлі топтарына мәжбүрлетіп көшіру арқылы жазалау шараларын жүргізгенін аңғаруға болады.

1937 жылы мамырдың 7-жұлдызында Қызыл армиясының хатшысы Патылицынның Солтүстік Қазақстан облыстық комитеттің хатшысы Сегізбаевқа жазған ақпараттық хатында елдегі антикеңестік толқулар мен жүгенсіздіктің орын алғанын баяндай келе, 25-30 сәуір аралығында 32 адам, келесі аптада 28 адам қашқанын жеткізді. Бүлікшілер 10 мың гектар шөпті отқа орап, “даланы өртендер, жақында Украинаға ораламыз”, “нашар жұмыс жасандар, малға жем бермендер, қаншалықты нашар жұмыс жасасақ, соншалықты ерте Украинаға қайтамыз” деп айқайлайтынын мәлімдеді. Зеленый Гай, Подольск, Ново-Гречановка, Ново-Березовка ауыл-дарынан 1936 жылдың маусымынан бері 302 адам қашқанын, “Польша мен Германия қоныс аударушыларды күтіп, үйлер дайындап қойды” деген сыбыс тарағанын жеткізді [6, 3-4 бб.].

1940 жылғы 29 маусымдағы үгіт-насихат бөлімінің келген “арнайы қоныстанушылардың кеңес билігіне қатысты көзқарасы туралы” нөмірі 53-стенограммасында Федоров ауданындағы ұжым-шарда жұмыс істейтін поляктардың соғыс пен Кеңес Одағына қатысты көзқарастары туралы маңызды ақпараттар берілді. Арнайы қоныстанушылар бұрын тек қалада тұрғандықтан ауылдарда тұрғанды қиындық көрген. Олар бір-бірінен не себепті бұл жерге келгендігін сұрайтын. “Осында өлтіру үшін әкелді” деген жауап та тіркелген. Поляк әйелдері жұмыс жасамау үшін, тіпті, орыстарға күйеуге шығады екен. Арнайы қоныс аударушыларға күрек пен тырма берген кезде олардың бірі күлсе, бірі жылайды. Неге күліп-жылайсындар деген сұраққа былай жауап береді: “Біз бұндай құралдарды көргеніміз жоқ, қалай қолдану керек екенін білмейміз”. Басқа қоныс-танушы тек тамақпен қамтамасыз еткен жағдайда ғана жұмысқа кірісетінін білдірді. Поляктардың көбісі 8-10 адам болып жиналып, жұмыс жасамай, басқа жұмысшылардың жұмыс жасап жатқанын тамашалайды екен. Олар қазақ ауылдарында тұра алмай, орыс ауылдарына көшіруді де сұраған. Олардың жұмыс жасауға деген талпыныстың болмауы, бітпейтін арыз-шағымдардың болуы – кеңес үкіметі тарапынан олардың Кеңес Одағына жаулық ниетте болып, бұрынғы Польшаны қайтаруға тырысып, кеңес билігін жоққа шығарады деген қорытынды жасауға әкелді. Кеңес билігі оларға ерекше бақылау жасау керектігін нұсқады [6, 4 б.].

“Алтайзолото” тресінің директорлары 1942 жылы 21 ақпанда Шығыс Қазақстан облысындағы Поляк армиясының өкілі-Крижановскийге жазған “поляк жұмысшыларының көңіл-күйі туралы” хатында поляктардың еңбек өнімділігінің төмендегенін тілге тиек етеді. Хатта поляктардың жексенбіде жұмысқа шықпай қалатындығы, поляк армиясына поляктарды тіркеу күндерінде де жұмыс жасаудан бас тартатындығы, майданға көмекке тамақ бермейтіндігі баяндалады. Осылай-ша, поляктардың соғыста, шын мәнінде, немістерге тілектес екендігі жөнінде тұжырымдама жасалып, жағдайды өзгерту керектігі айтылады [7, л. 115].

Осы мәліметтерге ұқсас поляктардың егіс айында және діни уәжге байланысты жұмыс жасамайтыны белгілі болған. Жексенбі күні демалыс болғандықтан, поляктар қасарысып, жұмысқа шығудан бас тартады. Ұжымшар басшыларына, әрине, бұл ұнамайтын. Олар бұл жайында кеңес органдарына жеткізіп отырған [8, 185 б.].

Тек қана поляктар емес, этникалық немістер де кеңес билігіне қарсылық танытатын. Қазақ жеріне немістер поляктармен бірге 1936 жылы және 1941 жылы көшірілген. Арнайы қоныстану-шылардың арасында Еділ бойынан көшірілген немістер де болғандығын атап өту

керек. Неміс арнайы қоныстанушылары поляктар сияқты әдістерді пайдаланған. Бірақ, онымен қоса, кеңес үкіметінің заңнамасына қатысты пікірлерін ашық білдірумен танылды.

Арнайы қоныстанушылар 1937 жылғы 26 наурыздағы Қазақ КСР Конституциясына сілтеме жасап, депортацияланған қауым да бірдей құқыққа ие болу керектігін мәлімдейтін.

Кеңес Одағының сайлауын келеке ететін арнайы қоныстанушылар да көп болды. Әсіресе, немістер өздерінің ызасы мен оспағын білдіруден тайынбады.

Неміс қоныстанушысы Кайл А.Я. “Кеңес үкіметі жеңілістен әрең құтылды, енді КСРО Қарулы Күштерінде сайлау өткізеді, бұл сайлау ұзақ уақыт созылмайды, бір–екі жылдан кейін КСРО жойылады, Гитлер өз дегеніне жетеді, Гитлер тірі және өмір сүреді. Дүмшелердің істемейтіні жоқ, олар сайлаушылардың тізімдерін іліп қояды, кеңестерге сайлау – бұл сандырақ”. Киркснер: “бұл-сайлау емес, бұл-комедия, бәрібір партия басшысының атын атай салады, бәрі өз орындарында қалады, бұл халықты алдау, олар 28 жылдан бері халықты алдап келеді” деп атап өтті. Бесқарағай ауданының арнайы қоныстанушысы Курц Ф.: “мен бюллетень аламын, бірақ дауыс бермеймін, өйткені кімге дауыс беру керектігін білмеймін, өйткені кандидатура бір жерде тағайындалады” деп атап өтті. Ертіс ауданынан келген неміс Кох Ф.А. Гейнцпен сұхбатында: “қараңыз, КСРО Жоғарғы Кеңесіне сайлау өтуі керек витрина орнатылған, осындай үгіт-насихат жүрегімізге жара салады, бұл біз үшін түкке тұрмайтын дүние. Жаңа органдар бұқараны қайтадан алдайды, бұл-сайлау емес, кезекті мәрте халықты алдау. КСРО Конституциясында теңдік көрсетілген дейді, ондай теңдікті қайдан көрдіңдер?” Гейнц И. оны қолдады: “неге мен біреуді таңдауым керек? Менсіз-ақ шешім қабылдайды, Жоғарғы Кеңес олар үшін қажет, бізге қажет емес” [9, 450 б.].

Неміс арнайы қоныс аударушыларымен поляктардың әлеуметтік жағдайы және орналасу аймағы да ұқсас болған. Екі халық та Германия тарапынан төнген қауіпке байланысты соғысқа дейін Қазақстанға күштеп қоныстандырылған. Екі халық та антикеңестік көзқарастармен танылып, Кеңес Одағының жеңіліп, дереу Отандарына қайтуға тілек білдірген. Екі еуропалық халықтар ұжымшарларға және зауыт-фабрикалардағы ауыр жұмыспен айналысуға міндеттелді. Алайда, Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің Кеңестік Қазақстанда поляк халқының әл-ауқатымен қатар, мектеп, шіркеу салып, инфрақұрылымды дамыта алғанын ескерсек, поляк халқының өз жағдайларын арттыруға көбірек шамасы болғандығын аңғара аламыз. Польша Республикасы Елшілігі өкілдігі Кеңес Одағында қызмет еткен жалғыз шетелдік билік органы болатын. Бұл саяси шетелдік құрылым поляк халқының мүддесін жалынды қорғай білген.

1941 жылы 12-тамыздағы Сикорский-Майский келісімін сәйкес, поляктардан тұратын арнайы армия құруға бұйрық берілді. Сталинград облысында, Чкалов облысында, Башқұр АКСР елінде, Саратов облыстарында 12 мыңнан әскер жинақтауды Кеңес Одағы мақсат еткен [10, л.13-15.].

Семей облыстық әскери комиссариаттың уәкілетті өкілі-Дубининнің 1941 жылы 27 қазанда “Поляк армиясына еріктілерді облыстық әскери комиссариатқа тіркеу барысы туралы” саяси хабарламада поляк халқының көңіл-күйі жақсы сипатталған. Поляктар кеңес сапында соғыса отырып, Гитлерді жену арқылы ғана Отандарына қайта алатынына, Польша Республикасын қайтадан қалпына келтіре алатынына барынша сенді. Алайда, кейбір шаруашылық ұйымдардың басшылары поляктарды әскерге жұмылдыруға қарсылық танытуы Поляк армиясын құру үдерісін тежеді [11, 256 б.]. Жаңа Шүлбі ауданыныңдағы “Қызыл Қазақстан” кеңшарының директоры Галкин Иван поляктарды жұмыстан босатпады, армияға кеткендердің отбасын далаға қуатынын, ақы төлемейтінін білдірді. Поляк армиясының өкілдері Томчык пен Салтысинова әйелдерді әскерге жұмылдыру туралы есептің тізімін беруге міндеттілігіне қарамастан, бұл талапты орындамаған [11, 258 б.].

1943 жылы 13 мамырда Қазақ КСР әскери комиссариатының “бұрынғы поляк азаматтарын Поляк армиясына шақыру туралы” бұйрығы шықты. 50 жасқа дейінгі поляктар шақырылды. Армияға қосылғандардың отбасылары үлкен жеңілдіктерге ие болады, соғысқысы келмейтіндер еңбек колонналарына жөнелтіледі деген ақпарат беріліп, антикеңестік іс-әрекеттермен поляктар айналыспау үшін ПХК арқылы байланыс жасау деген нұсқаулық

берілді. Әскерге шақырылғандар Дивово Ленин теміржол стансасына, Мәскеу әскери округінің неміс лагерьлеріне жөнелтілетіні туралы шешім қабылданды [12, л. 2.].

1946 жылы 7 қаңтардағы ПХҚ төрағасының орынбасары-Белюновтың Қазақ КСР ХКК төрағасының орынбасары Қонаевқа жазған хатында елде 37512 поляк пен еврейлер Кеңес азаматтығынан шығу үшін өтініш жазған. 18302-сін Милиция басқармасы, 19210-ын комиссия қарастырып жатқанын, 15703-ін комиссия қабылдағанын мәлімдеді. 16 облыстан өтініштер қабылданған, ең көп өтініштер Жамбылдан 3620, Оңтүстік Қазақстан облысынан 4750-і Милиция басқармасының тарапынан қаралды [13, л. 32]. Бұның бәрі поляктардың кеңес билігін мойын-дамай, өз Отан-дарына қайтуға барынша тырысқандығын айғақтайды.

Поляктар Польша Республикасы елшілігі өкілдігімен және Поляк армиясы өкілдерімен тығыз байланыста болып, елге қайтуға, соғысқа қатыспауға тырысқан. Бірақ сол үшін кеңес билігі көмек берген азаматтарды жазалаудан тайынбайтын. Қостанай облысындағы ПХҚБ басшысының төрағасы, Мемлекеттік Қауіпсіздіктің лейтенанты Рупасовтың Қостанай облысының Кеңестік атқару комитетінің төрағасы Керімбаевқа жазған баяндау хатында Польша Республика елшілігінің өкілі-Романьский тарапынан жасалған заң бұзушылықтарды тізіп жазады. Ол штатта 5 адамның орнына 10 адамның барын, бұрынғы Поляк Республикасының азаматтарын армияға шақыруға қарсылық танытатынын, 3 азаматқа поляк азаматы деген анықтаманы бергенін, облыс-тық кеңеспен ақылдаспай, поляктарға азық-түлік таратқанын, Пешковский, Тарановский сынды аудандарда мінажат ету орындарын салғанын, Облыстық атқару комитетінің қолдауынсыз әр облыста, соның ішінде Қостанай қаласында 6-сыныпқа дейінгі бастауыш мектептер мен гимназияларды салғаны үшін Романьскийді айыптап, тиісті шараларды қабылдауға шақырды [14, л. 233-234]. 1888 жылы туылған Львов қаласының тумасы капитан атағы бар Романьский Мечислав Францишкович 1942 жылы 23 шілдеде тұтқындалғанға дейін Қостанайдағы Польша Республика-сының Қостанайдағы елшілігінде қызмет атқарды. 1940 жылы шекарадан заңсыз өтуге тырысқан-дықтан тұтқындалды. Амнистияның арқасында әскери борышын қазақ жерінде өтеді. Мечислав Романьский Қостанайда поляктарды жинап, Владислав Андерс құрған армияға тіркеумен, оларды маңызды құжаттармен, құрал-жабдықтармен, киім-кешекпен қамтамасыз етіп отырған. Бұл армияға 8569 поляк әскери қызметкерлері шақырылды, бірақ тек 5986 поляк армия қатарына қосылды [15, 9-10 бб.]. Кеңес билігі тек Романьскийді емес, онымен бірге қызмет еткен Эрнст Вильгельм Марцеловичті, Покладская Станислав Иполитовичті, Дорош Ванда Антоновнаны да контрреволюциялық іс-әрекеттері үшін түрмеге қамады [15, 17 б.]. Романьскийдің түрмеге қамалуы Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің қызметкерлерінің бірінен соң бірі қуғын-сүргін ұшырайтынын білдірді. Ал енді Романьскийге неліктен кеңес билігі аса қатты шүйлік-кеніне назар аударғанымыз жөн.

Поляк Республикасының Қостанайдағы елшілігінің басшысы М.Ф. Романьский поляк балаларына мектеп ашумен көзге түскен. “Скаут” атты 80 баладан тұратын жастар ұйымды құрды. Бұл ұйымның құрылғанын кеңес билігі білмеген. 1942 жылы ақпанда немесе наурызда елшілік кішкентай шіркеу ашты. Бұнда кішкентай балалар діни рәсімдер өткізе алды. Кеңес билігі атеизм-ді насихаттағандықтан, поляктардың әсіре діндар болғандығы оларға ұнамаған. Бұл Романьский-дің үстінен жалаң да жалған айыптар тағуға себепкер болды [16, Д.0785.].

Польша армиясы басқармасының өкілі Мечислав Романьский Еңбекшілер Кеңесі Депутаттарының Облыстық Атқару Комитетіне 1941 жылы 6 желтоқсанда жазған хатында поляк еңбек-шілерінің уақытылы айлығын алмайтынын, басшылардың дөрекілігін, бассыздығын, әділетсіз-дігін және поляк халқының құқықтары сақталмай жүргендігін баяндады. Ол кеңшар басшылары поляктар жұмыс жасамаған жағдайда пәтерден қуып, нан мен азық-түлік бермей, дүкенге кіргіз-бейтінін мәлімдейтінін жеткізді. Федоров ауданындағы, Молотовский астық кеңшарындағы Уйская фермасындағы директор Исембаев поляктарға көлікті пайдалануға рұқсат бермейтінін және Исембаевтың әйелі-Ахмедованың Поляк елшілігі штабы өкілдері тыңшылық үшін ұсталды деген жалған әңгімені таратқанын, поляктарға осылайша күн көрсетпейтінін ашына жеткізді. Ары қарай ол поляктардың әлеуметтік жағдайын көтеруді

сұрап, тыңшылық туралы жабылған жаланы таратқан азаматтарды жауапқа тарту керектігін талап етеді [17, Л.4.].

Романьскийдің осындай белсенділігі және поляк ұлтына деген жанашырлығы кеңес органдарына ұнамағаны анық. Оны тұтқындап, өмірбаянын теріп жазып, өмірінде болған қылмыстарын қағазға түсіруге тырысады. Романьский Мечиславтың тергеу кезінде берілген жауабында ол өзінің өмірбаянын баяндайды. 1916-1918 жылдары Австрия армиясында қызмет еткен. Одан кейін Львов акционерлік банкінде есепші болып жұмыс жасады. Одан кейін бухгалтер қызметін 1927 жылға дейін атқарды. 1927-1939 жылдар аралығында Львов мемлекеттік банкінде қызметте болды. 1939 жылы қаңтарда КСРО шекарасынан Венгрияға өтерде шекарашылар тарапымен Станиславская облысындағы Микуличи қаласында ұсталып, бес жылға түрмеде қамау жөнінде үкім шығарылды. 1941 жылы маусымға дейін Харьков пен Житомирдегі түрмеде болып, кейін Қарабай бөлімшесіне, одан кейін Қарағанды лагеріндегі лагерь бөлімшесіне апарылды. Онда қара жұмысшы болып жұмыс істеді. 1941 жылы 1 қыркүйекте рақымшылық жарияланып, түрмеден босатылды. Ақмола-Қарталы теміржолында жұмыс істеп, кейін Бұзылық қаласында Поляк армия-сы қатарына кірді. Қараша айында Қостанай облысындағы Поляк армиясының басшысы болып бекітілді. 1942 жылы ақпанда Қостанай қаласында Поляк елшілігі құрылды және сонда делегат болып бекітілді [15, 363-364 бб.]. Романьский 1942 жылы 26 шілдеде келесі тергеуде берген жауабында поляк балаларына арнап мектеп салумен, жетім балалар үйін, мүгедектер үйін, асхана салумен айналысқанын мәлімдеді.

1942 жылы 27 шілдеде болған тергеуге берген жауабында делегатураның мүшелері туралы ақпарат берді. Романьскийдің бекітуімен делегатураға бухгалтер болып Покладский, қызметкер болып Козиол Тадеуш жұмыс істеді. Делегатурада Эрнст Вильгельм, Покладский, Козиол Тадеуш, Матвиевская Кристина және Дорош Ванда кірді. Делегатурада әр кездері машинист болып Стасевич Болеслав, әскери қызметшілердің отбасыларына қамқоршылық жөніндегі референт Жчепаник, Жчепаниктің көмекшісі Завитинлова қызмет етті. Олар елшілік делегатурасының мүшелігіне кірмеді, тек Поляк армиясы штабында қызметтерін атқарған. Эрнст асхана, жетімдер үйі, дүкендерді ашумен, Козиол поляк азаматтарының өтініштерін қарастырумен, Покладский есеп-қисаппен, Дорош пен Матвиевская поляк азаматтарын тіркеу және поштаны жөнелтумен айналысты. Романьский елшілікке 5 ай бойы бірде бір есеп жөнелтпегенін айтты. Ол тек поляк азаматтарының тізімін пошта арқылы елшілікке жөнелткенін білдірді.

1942 жылы 29 шілдеде берген жауабында Романьский делегатураның құзыреті шеңберінен шығатын бірде бір құпия, астыртын қызмет атқармағанын білдірді. Алайда, тергеу барысында Романьский поляк азаматтарының саяси көзқарастары мен көңіл-күйі туралы хаттарды Поляк Республикасының елшілігіне жеткізуге міндеттелгенін мойындады. Ол онымен қоса, ПХК комитетімен байланыс орнатқан поляктардың тізімін елшілікке құпия хат-хабарларды курьер арқылы жеткізіп отыруға міндеттелгенін мойындауға мәжбүр болды. Алайда, ол елшілікке ондай хат-хабарларды жөнелтпегенін айтты.

1942 жылы 31 шілдеде болған тергеуде Романьский 1942 жылы шілдеде елшілікке баяндама жеткізу керектігін мойындады. Ол онда Қостанай облысында өмір сүретін поляктардың хал-жағдайы, жұмыстары, қажеттіліктерін атады. Тергеуші Рупасов Қостанай облысының экономикасы, Жетіқара ауданында алтын өндірілетіндігі туралы ақпараттар мемлекеттік құпия болып табыла-тындығын, оны жазу арқылы Романьский тыңшылық әрекет жасағанын бетіне басып, айыптады.

1942 жылы 3 тамызда болған тергеуде Романьский зәбір көрген поляктардан елшілік жауап алып, кеңес билігінің жасап жүрген қалыптан тыс әрекеттерін хаттамаға жазып жүргенін баяндады. Ол туралы Облыстық Кеңес білді деп мәлімдеді. Алайда, тергеуші Қостанайда өмір сүрмеген поляктардан да жауап алынғанын айтқан соң, Романьский рақымшылыққа қарамастан, түрмеден шықпаған поляктардың санын және хал-жағдайын елшілікке жеткізу үшін хаттама жүргізгенін мойындады.

1942 жылы 10 тамызда болған тергеуде тергеуші Романьскийден неліктен оның кеңес билігіне нұқсан келтіретін, антикеңестік, арандатушылық әрекеттерін хаттамаға жазып жүргенін сұрады. Штейн Казимирдың колхоз бен комсомол мүшесі болмағандықтан, Кеңес билігі оны тұтқындады деген жалған ақпаратты неліктен хаттамаға жазды, неге одан шын жауап беруді талап етпеді деп айыптады. Романьский Штейннің жалған жауап бергенін білгенін, бірақ бұл әрекеті Кеңес Одағының беделін түсіруге бағытталған деген пікірге қарсылық танытты.

1942 жылы 18 тамызда болған тергеуде Романьский 7-8 адамнан жауап алғанын, кейбір жағдайда есепте жауап берушінің бүркеншік есемдері жазылғанын айтқан. Тергеуші поляк азаматтарынан жауап алуға, тергеуге Поляк Республикасы елшілігінің уақытша өкілдері жарғыға сәйкес, құқығы жоқ екенін айтып, бұл іс-әрекеті делегатураның құзырет шеңберінен асқанын, бұл бойынша Романьскийдің пікірін сұрады. Романьский елшілік поляк халқының әлеуметтік жағдайын, түрмеде қалған азаматтардың аты-жөнін тек тергеу арқылы білуге болатынын айтып, бұл жабылған жаланы мойындамады. 1942 жылы 27 қазанда Романьский кеңес билігіне қарсы атқарған қызметі үшін, Қостанайдың экономикалық және саяси ахуалы туралы мемлекеттік құпияны жинағаны үшін, Кеңес Одағының беделіне дақ түсіретін поляк азаматтарының жалған жалаларын хаттамаға жазған үшін елден қуу туралы қаулы шығарылды [18, Дело Романьского #67969].

Мечислав Романьский Польша Республикасы Елшілігі өкілдігінің белсенді қызметкері болғандығы анық. Осыдан біз бұл Елшіліктің қызметіне және поляк ұлтының өмірі мен әлеуметтік-экономикалық және саяси-құқықтық жағдайының артуына қосқан үлесін бағалауымыз керек. Елшіліктің 1942 жылғы 30 наурыздағы есебі бойынша КСРО аумағында 2135 балаға арналған 24 поляк балалар үйі, 870 балаға арналған 35 балабақша, 10 мектеп және 25 поляк тілі курстары ашылды. Поляк әскерінің қамқорлығында 4632 балалар мен жастар болды. 1942 жылы шілдеде Ақтөбе облысындағы Жұрында, Горький облысындағы Дуденевте, Коми АССР еліндегі Волчийде және тамызда Омбы облысындағы Тобольскіде, Новосібір облысындағы Томскіде, Архангельск облысындағы Тесовода поляктарға арналған балалар үйі пайда болды. 1942 жылы 26 қыркүйекте Польша Республикасының Елшілігі КСРО Сыртқы Істер Халық Комиссариатының поляк азаматтарына қатысты “қамқоршылықты біршама кеңейтуге” келісімін алды [19, 395 б.].

КСРО елшіліктің балаларды тәрбиелеуге арналған оқу орындарын басып алып, өз қызметкерлерін 1943 жылы ақпанда қояды. Сол уақытта 83 балалар үйінде 5364 бала, 175 балабақшада 5685 балалар, 43 мектепте 2999 балалар, 68 поляк тілі курсы мекемелерінде 1466 балалар тәрбиеленіп, барлығы 370 мекемеде 15519 балалар оқыды. Мектеп қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеді. Кейде ашық аспан астында сабақ өтетін. Орын болмағандықтан, сарайларды жалға алып, сонда сабақтарды өткізетін. Балалар еденде тізерлеп отырды, ал орындық оларға парта ретінде қызмет етті. Қағаз жетіспеді, оның орнына жиі картон мен ағаш тақталарды пайдаланды. Елде тек 7 бастауыш мектеп болды. алтыжылдық бағдарламасы бар 23 балабақша болды [19, 596-597 бб.].

Сібірге және Қазақстанға қоныстандырылған поляктар балаларын орыс мектептеріне беруге қарсы болды. Олар балаларын Польшаға қайтқанда поляк тіліне үйрететінін, орыс мектептерінде атеистік ілім үйрететіндіктен, Польшаға қайтуға тырысатынын мәлімдейтін. Одан басқа кеңестік мектептерде балаларға Қызыл армияның әділеттің ақ жолында күресіп, өз жерлерін қорғауға бар күшін салып жатқанын насихаттайтын. Кеңес үкіметінің кесірінен депортацияланған поляк ересектері үшін бұл үгіт-насихат жақпағаны түсінікті [20, 157 б.].

Романьскийден басқа поляк азаматтары кеңес билігінің қуғын-сүргініне ұшырады. БКП(б) ОК Саяси Бюроның нөмірі 38-протоколында Польша Республикасы елшілігінің 78 қызметкерін елден депортациялау туралы қаулы жарияланады. Дудчак Феликс Юзефович тыңшылық жасағаны үшін, антикеңестік үгіт-насихат жүргізіп, кеңес үкіметін құлатпақ болды деген 58-бап бойынша айыпталды [21, л. 53, 56-60.].

Статистик қызметін атқарған поляк елшілігінің өкілі Иллевич Регина Антоновна кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізіп, поляк елшілігінің өкілдері В.Э.Плоскиймен,

В.Ф.Матусевичпен, Е.В.Малиновскаямен, П.Ф.Лендермен байланыс орнатып, Германияға қарсы соғыста Кеңес Одағына жеңіліс тіледі деп айыпталды [22, л. 138].

Плоский Витольд Эдмундовичке “светлица” атты контрреволюциялық ұйымды Петропавлда құрып, 1940 жылы Англиядағы газеттердегі антикеңестік мазмұндағы ақпараттармен таныс-тырғанын, тыңшылық қызмет атқарып, КСРО азаматтарына поляк төлқұжаттарын таратты деп айыпталды [23, л. 3.].

Қорытынды. Кеңестік Қазақстанға күштеп көшірілген Польша елінің тұрғындары ауыр бейнет көріп, елге және қалыптасқан ортаға тез бейімделе алмады. Олар кеңес билігін мойындамады, қоғамдық қызмет жасаудан бас тартқан поляктар болды. Билікке қарсылық ретінде ауылдардан қашып кету әдістерін пайдаланған. Олар поляк халқының мүддесін қорғайтын ұйымдармен байланыс орнатуға тырысып, өз Отандарына қайтуға тырысты. Аталған азаматтардың көбісі тек соғыс біткен соң елдеріне қайта алды. Кеңес билігі поляктардың қалыптасқан тәртіпке бағынбауын бассыздық деп санап, репрессиялық шараларды жүзеге асырып отырды. Поляк армиясының өкіл-дері және Польша Республикасы Елшілігі өкілдері ауыр тауқыметті басынан кешіріп отырған поляктарға қол үшін беріп, кеңес органдарынан кеңшар басшыларының бейбастығы мен жүгенсіз-дігін ашық айтып, орын алған әділетсіздікті тездетіп шешуді талап етіп отырған. Мечислав Романьский кеңес органдарына бірнеше рет арызшағымдарын жазғандықтан, Кеңестік Қазақстан-да кеңестік органдарының рұқсатынсыз мектептер мен балабақша салып, поляк халқын азық-түлікпен қамтамасыз еткендіктен, поляктарға төлқұжат беріп, жағдайларын арттыруға көмектескен-діктен жауапқа тартылып, бас бостандығынан айырылып, қуғын-сүргін көреді. Ол сияқты басқа да Елшіліктің қызметкерлеріне түрлі жалалар жабылып, олар әділетсіздіктің бейнетін көреді.

Қазіргі таңда Қазақстанда өмір сүріп келе жатқан поляктардың көбісі сол күштеп көшірілген арнайы қоныс аударушылардың ұрпағы. Олар көбіне Солтүстік Қазақстанда, әсіресе, Көкшетауда өмір сүреді. Өздерінің ата-бабаларының өмірі туралы естеліктер қалдырып, тарихи мұраның сақталуына үлестерін қосуда.

Зерттеу жұмысының нәтижесі поляк диаспорасының тарихын насихаттау мақсатында музей-лер және қоғамдық ұйымдардың жұмысына пайдалануға және қуғын-сүргінге ұшыраған халықтарға әділеттілікті орнату бойынша мемлекеттілік саясатты жетілдіруге септігін тигізеді. Сондай-ақ, Қазақстан мен Польша арасындағы тарихи және саяси-мәдени ынтымақтастықты дамытуда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Armstrong, Lowell J. “Policy toward the Polish minority in the Soviet Union, 1923–1989.” *The Polish Review*, vol. 35, no. 1, 1990, pp. 51–65. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/25778477>. Accessed 27 Feb. 2024.

2 Iglicka K. “Are They Fellow Countrymen or Not? The Migration of Ethnic Poles from Kazakhstan to Poland.” *The International Migration Review*, vol. 32, no. 4, 1998, pp. 995–1014. JSTOR, <https://doi.org/10.2307/2547669>. Accessed 27 Feb. 2024.

3 Айдарбеков З.С., Ақтаева Л.С., Джагфаров Н.Р., Кан Г.В., Канаева А.Т., Осипов В.П., Шепель В.Н. *Из истории депортаций. Казахстан 1930-1935 гг. Сборник документов.* – Алматы: LEM, 2012. – 772 с.

4 *Из истории депортаций. Казахстан. 1935–1939 гг. Сборник документов.; Архив Президента Республики Казахстан; [отв. ред. Шепель В.Н.]. Т. 2.* – Алматы: LEM, 2014. -740 с.

5 Cutter Z. “Deportations and distribution of Polish citizens of the Mosaic faith in the territories of the Union of Soviet Socialist Republics in 1939-1943”. *SJMULF*, vol. 198, no. 4, 2020, pp. 749-762. <https://doi.org/10.5604/01.3001.0014.5857>.

6 Бисембайұлы М., Ұзақбайқызы Г. Кеңестік Қазақстанға депортацияланған поляктардың саяси көңіл-күйі // ОФ “Международный научно-исследовательский центр “Endless Light in Science”: Исторические науки и Археология. 2024. -Б. 3-7.

7 АПРК. Ф. 708. Оп. 6/2. Д. 117. Л. 115.

8 Сактаганова З.Г., Абуов Н.А. Роль польских организаций в судьбе депортированных граждан Польши в Северо-Казахстанской области в 1941-1946 гг. // Из истории депортации поляков в Казахстан в период II Мировой войны. -Б.: 2013. -183-191 бб.

9 Табулденов. А. Н. Правовое положение спецпереселенцев в Северном Казахстане в 30–40-х годах XX века. Раздел 4. Власть и общество в экстремальных обстоятельствах: трансформация взаимоотношений // Великая Отечественная война 1941-1945 гг.: подвиг народа и уроки истории. Сборник статей по материалам Международной научной онлайн конференции. Отв. Редактор-А.Ш. Кабиров, 2020. -С. 444-454.

10 ЦАМО РФ. Ф.48. Оп.76840. Д.38. Л.13-15.

11 Из истории поляков в Казахстане (1936-1956 гг.). Сборник документов;/ Архив Президента Республики Казахстан; [сост.: Е.М.Грибанова, А.С.Зулкашева, М.У. Маскеев; отв. ред. Л.Д. Дегитаева]. -Алматы: Қазақстан, 2000. -344 с.

12 ЦГА РК. Ф. Р-1146. Оп. 1. Д. 451. Л. 2.

13 ЦГА РК. Ф. Р-1137. Оп. 18. Д. 139. Л. 32.

14 ГАКО. Ф. 268. Оп. 11. Д. 27. Л. 233-234.

15 Легкий Д., Хазбиевич С., Беркимбаева А. Польская делегатура в Казахстане в 1941-1943 гг.: военная эпоха и дипломаты в документах (на примере Кустанайской области Казахской ССР). Издание второе, - Костанай: Костанайский печатный двор. -2021. -676 с.

16 Специальный государственный архив ДКНБ по Кустанайской области. Д.0785.

17 ГАКО. Ф. 268. Оп. 11. Д. 27. Л. 4.

18 ОГА СБУ. Дело Романьского М. Ф. № 67969.

19 Леончик С. Польские учебно-воспитательные учреждения на территории СССР в годы Второй мировой войны // Новейшая история России. 2021. Т.11, № 2. С.392–407.

20 Зберовская Е. Л. Этнокультурные особенности адаптации выселенцев в Сибири (1940 – 1950–е гг.) // Вестник Красноярского государственного аграрного университета. 2011. № 12. С.155–162.

21 РГАСПИ Ф. 17, Оп.126, Д. 27, Л. 53, 56-60.

22 СГА УИС ДП СКО. Ф.16. А. 445. Л.138.

23 СГА УИС ДП СКО. Ф.16. А. 1212. Л.3.

References:

1 Armstrong, Lowell J. "Policy toward the Polish minority in the Soviet Union, 1923–1989." *The Polish Review*, vol. 35, no. 1, 1990, pp. 51–65. JSTOR, <http://www.jstor.org/stable/25778477>. Accessed 27 Feb. 2024.

2 Iglicka K. "Are They Fellow Countrymen or Not? The Migration of Ethnic Poles from Kazakhstan to Poland." *The International Migration Review*, vol. 32, no. 4, 1998, pp. 995–1014. JSTOR, <https://doi.org/10.2307/2547669>. Accessed 27 Feb. 2024.

3 Aidarbekov Z.S., Aktayeva L.S., Dzhagfarov N.R., Kan G.V., Kapayeva A.T., Osipov V.P., Shepel V.N. *From the history of deportations. Kazakhstan 1930-1935 Collection of documents.* – Almaty: LEM, 2012. – 772 p.

4 *From the history of deportations. Kazakhstan. 1935-1939. Collection of documents.*; Archive of the President of the Republic of Kazakhstan; [ed. Shepel V.N.]. Vol. 2. – Almaty: LEM, 2014. -740 p.

5 Cutter Z. "Deportations and distribution of Polish citizens of the Mosaic faith in the territories of the Union of Soviet Socialist Republics in 1939-1943". *SJMULF*, vol. 198, no. 4, 2020, pp. 749-762. <https://doi.org/10.5604/01.3001.0014.5857>.

6 Bissembaiuly M., Uzakbaikyzy G. *Political mood of Poles deported to Soviet Kazakhstan // International Scientific Research Center "Endless Light in Science": Historical science and Archeology. 2024. - P.3-7.*

7 APRK. F. 708. I. 6/2. C. 117. S. 115.

8 Saktaganova Z.G., Above N.A. *The role of Polish organizations in the fate of deported Polish citizens in the North Kazakhstan region in 1941-1946. // From the history of the deportation of Poles to Kazakhstan during World War II. -Б.: 2013. --183-191 p.*

9 Tabuldinov. A. N. *The legal status of special settlers in Northern Kazakhstan in the 30-40s of the twentieth century. Section 4. Government and society in extreme circumstances: transformation of relationships/The Great Patriotic War of 1941-1945: the feat of the people and the lessons of history. Collection of articles based on the materials of the International Scientific online Conference. Editor-A.Sh. Kabirova, 2020. -pp. 444-454.*

10 CAMD RF. F.48. I.76840. C.38. S.13-15.

11 *History of Poles in Kazakhstan (1936-1956). Collection of documents;/ Archive of the President of the Republic of Kazakhstan; [Comp. A.M. Griбанова, A.S.Zulkasheva, M.U. Maskaev; Ed. L.D. Degitaeva].-Almaty:Kazakhstan, 2000.-344 p.*

12 CSA RK F. S-1146. I. 1. C. 451. S. 2.

13 CSA RK F. S-1137. I. 18. C. 139. S. 32.

14 SAKR F. 268. I. 11. C. 27. S. 233-234.

15 Legkiy D., Khazbievich S., Berkimbayeva A. *Polish delegation in Kazakhstan in 1941-1943: the military era and diplomats in documents (on the example of the Kostanay region of the Kazakh SSR). Second edition, - Kostanay: Kostanay Printing Yard. -2021. -676 p.*

16. *Special State Archive of the National Security Committee for Kostanay region. D.0785.*

17. SARK F. 268. I 11. C. 27. S. 4.

18. BSA SS. *The case of M. F. Romansky # 67969.*

19. Leonchik S. *Polish educational institutions on the territory of the USSR during the Second World War // Modern history of Russia. 2021. vol.11, No. 2. pp.392–407.*

20. Zberovskaya E. L. *Ethnocultural features of the adaptation of settlers in Siberia (1940 – 1950s) // Bulletin of the Krasnoyarsk State Agrarian University. 2011. No. 12. pp. 155-162.*

21 RSASPH F.17, I.126, C. 27, S. 53, 56-60.

22 SSA PES PD NKR. F.16. A.445. S.138.

23 SSA PES PD NKR. F.16. A. 1212. S.3.